

Түркістан облысы білім басқармасының Арыс қаласы білім бөлімінің «№32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2023-2024 оқу жылы өткізілген іс-шаралардың қортындысы.

2020 жылды желтоқсан айынан бастап ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында берген тапсырмасын орындау мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру бойынша іс-шара жоспары жасалынып бекітілді. Өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын арттыру, оқу мәртебесін, оқу белсенділігін дамыту, көркем шығармаларды оқуды насихаттау, сонымен бірге жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында өтілген іс-шаралардың қортындысы.

Мектеп кітапханасында 2023-2024 оқу жылында 51694 кітап қоры бар. Оның 46696 мектеп оқулығы, 4498 көркем әдебиет, 1213 әдістеме, 865 электрондық оқулықтар болды. Мектеп кітапханасы жаңа оқу жылында мектептегі 1670 оқушының оқулықтармен түгел қамтылуын қамтамасыз етеді. Бірінші кезекте әлеуметтік тұрмысы төмен оқушылардың 100% қамтылуы негізге алынады. Қорға жаңадан түскен оқулықтармен сапалы жұмыс жүргізу кезеңі Басқа да сыныптағы оқулық жетіспеген жағдайда, оқулықтардың таратылу пайызын жоғары деңгейге жеткізу үшін қала мектептерімен оқулықтар алмасу акциясы жүргізілді. Оқу жылындағы мәліметтермен салыстыру динамикасы төмендегіше.

Атауы	2022-2023жыл	2023-2024жыл	Динамика
Кітапхана саны	1	1	1
Жалпы кітап саны	45863	51694	5831
Оның ішінде мектеп оқулықтары	41038	46696	5658
Қордың өсуі	3603	5831	2228
Жаңа буын оқулықтары	41038	37848	5658
Оқырмандар саны	1025	1028	3
Кітапханаға келімі	8803	8805	2
Қазақ тіліндегі кітаптар саны	38602	43144	4542
Кітап берілімі	17582	17584	2
Кітапхана ауданы	69,6	69,6	69,6
Оқу залдарының саны	1	1	1
Оқу залындағы отыратын орын саны	30	30	30
Оқулықтармен тегін қамтамасыз етілген оқушылар саны	100%	100%	100%

Жаңа оқулықтарға кітапхананың мөрі (штамп) басылып, барлық оқулықтарға код жазылады. Мектеп кітапханасында ҚББ-нен келген және кітапхананың жылдық жоспарына сәйкес көптеген іс-шаралар мен шолулар, көрмелер өз мерзімінде атқарылып, жқмыстар жүргізіледі. Басты мақсат кітапханаға оқырман тарту үшін атқарылған жұмыстарға тоқталатын болсақ, қыркүйек айында 1 қыркүйек Білім күніне «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбында 9 «Д» сынып оқушыларымен өткізілді.

«Кітапхана әлеміне саяхат» тақырыбында кітапханамызға саяхат жасау 2«А» сынып оқушыларымен өткізілді. «Отбасы тәрбие көзі» тақырыбында 2«А» сынып оқушыларымен бастауыш сынып мұғалімі Нысанова Ақнұр тәрбие сабақ өткізді. «Қазақ тілі-менің ана тілім» тақырыбында 1«Б» сынып оқушыларымен бастауыш сынып мұғалімі Орынбасарова Салтанат тәрбие сабақ өткізді. «Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл» тақырыбында 8«Б» сынып оқушыларымен тарих пән мұғалімі Алмақашов Серік тарихи танымдық сабақ өткізді. «Төле бидің туғанына 360 жыл» тақырыбында 8«Ә» сынып оқушыларымен кітапханашы А.Манаева кітапханада библиографиялық шолу өткізді.

«Тәуелсіз елдің ұландары» тақырыбында 7«Г» сынып оқушыларымен қосымша білім беру педагогы Асабаева Жадыраның ұйымдастыруымен тәрбие сағаты өткізді. «Мәңгілік жаса-қыран елім Қазақстан!» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларымен кітапханашы Ақмарал Манаеваның ұйымдастыруымен кітап көрмесі өткізді. 10 -сынып оқушысы Алтынбек Ернар "Балалар әлемі" жобасы шеңберінде ұйымдастырылған Республикалық балалар оқуы байқауының қалалық кезеңіне қатысып, жүлделі ІІ орын иеленді. «READING TIME» (кітап оқу) тақырыбында іс – шара өткізді. 8 «Г» сынып оқушыларымен ағылшын пән мұғалімі Төлеманова Айгерім. «Кітап – алтын қазынам» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларымен кітапханашы Манаева Ақмаралдың ұйымдастыруымен кітап көрмесін өткізді. «Абайды оқы таңырқа» тақырыбында 9«В» сынып оқушыларымен қазақ тілі пән мұғалімі Тілепова Кулпан танымдық сабақ өткізді. «ҚР мемлекетінің қайраткері Темірбек Жүргеновтың 125 жылдығына» орай 5 «Б»- сынып оқушыларымен математика пән мұғалімі Жақсыбаева Майраның ұйымдастыруымен кітапханада библиографиялық шолу өткізілді. «Жаңа кітап, жаңа әлем», "Балалар кітапханасы" жобасы аясында оқушылардың оқыған көркем әдебиеттері мазмұнымен танысып, талдады. «Жаңа кітап, жаңа әлем», "Балалар кітапханасы" жобасы аясында оқушылардың оқыған көркем әдебиеттері мазмұнымен танысып, талдады. химия пәнінің мұғалімі Феруза Жолдасбекова 9 «Б» сынып оқушыларымен «Маханбет Өтемісұлының 220 жылдығы» атты іс- шара жоспарына сәйкес танымдық сабақ өткізілді. қазақ тілі пәнінің мұғалімі Рабиға Есмұрзаева 7«Е» сынып оқушыларымен «Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығы» атты іс- шара жоспарына сәйкес библиографиялық шолу өткізілді. кітапханашы Ақмарал Манаева кітапханада 5-11 сынып оқушыларымен «Желтоқсан құрбандары мәңгі есімізде» атты іс- шара жоспарына сәйкес кітап көрмесі өткізілді. Оқушылар өздерінің оқыған кітаптарын 20 минут үзілісте өз достарына айтып, ойларын бөлісті. ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ақнұр Асанова 9 «А» сынып оқушыларымен кітапханада «Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл» атты іс-шара жоспарына сәйкес Мағжанның өлеңдерін мәнерлеп оқу өткізілді. " Балалар кітапханасы " жобасын жүзеге асыру аясында " Үнемі оқитын адам - табысты адам " тақырыбында оқырмандармен кітапханада кітапханашы Манаева Ақмаралдың ұйымдастыруымен 5 " Г " сынып оқушыларымен ата - аналарымен кездесу өткізіп оқыған әдебиеттерді талқылады. Бос уақытын тиімді әрі тұлғалық дамыту мақсатында мектепшілік қысқы каникул іс - шаралар жоспарына сәйкес "Оқуға құштар мектеп " жобасы аясында оқырмандармен кітапханада кітапханашы Манаева Ақмаралдың ұйымдастыруымен 5 "Г" сынып оқушыларымен "Мен оқыған бір ертегі" "Парасаттылық туралы " атты тақырыптарында әңгіме жүргізілді. Кітапханашы Манаева Ақмарал 9 Д сынып оқушыларымен «Амангелді Имановтың туғанына 150»жыл атты іс- шара жоспарына сәйкес библиографиялық шолу өткізілді. Кітапханашысы Манаева Ақмаралдың ұйымдастыруымен Арыс қаласының құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің үздігі, Мәдениет саласының үздігі, ардагер ұстаз Әбдіков Темірхан Қыстаубайұлының өмір мен шығармашылығына арналған "ӨНЕРІМДІ ЕЛІМЕ АРНАЙМЫН" тақырыбында кездесу кеші өтілді.

Кітапханашы А.Манаеваның ұйымдастыруымен 9"Г" сынып оқушыларының қатысуымен «Дінмұхаммед Қонаевтың туғанына 112жыл »атты іс-шара жоспарына сәйкес танымдық сабақ өткізілді. кітапханашы А.Манаева мен қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің ұстаздары Санжар Керімбайдың «Өзбекәлі және мәдени майдан» шығармасы бойынша көрме ұйымдастырды. Өзбекәлі және мәдени майдан" тақырыбындағы шығарманы оқып, танысу үшін қаламыздағы С.Қожанов атындағы білім беретін мектебіне челленджді жолдайдық. 14 ақпан Халқаралық кітап сыйлау күніне кітапханада « Кітапханаға кітап сыйла» акциясы 1-11сынып оқушылары арасында өткізілді. А.Манаеваның ұйымдастыруымен "Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт" жобасы аясында "Менің

сүйікті кітабым" тақырыбында кітап көрмесі өтті. 1-Наурыз -Дүниежүзілік азаматтық қорғау күнін өткізуге арналған іс - шаралар жоспарына сәйкес мектеп кітапханашысы А.Манаеваның ұйымдастыруымен "Өзіңді де өзгені де құтқар" тақырыбында көрме ұйымдастырылды. қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Альбосинова 7 сынып оқушыларымен "Ыбырай Алтынсариннің өлеңдерін мәнерлеп оқу" тақырыбында сабақ өткізді. Г.Рахымның ұйымдастыруымен 8 наурыз халықаралық аналар мерекесіне орай ардагер ұстаздарға арнап "Үлкендер жолы ұлылық,ұрпағы жүрер ұғынып" тақырыбында кеш өтілді. 10 "Б" сынып оқушысы Ыдырыс Шерхан "Бабалар мұрасы - ұрпаққа ұлағат " эпостық жырлар мен қисса дастандарды жатқа айтудан жасөспірімдер мен балаларға арналған қалалық байқауында " Мұңлық - Зарлық " жыры бойынша II - орын иеленді.облыстан дипломмен марапатталды. Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша 23-Сәуір Бүкіл әлемдік кітап және авторлық құқық күніне арналған «Кітап арқылы ашылған сырлы әлем» атты көрме жасап 1-11 сынып оқушыларымен кітапханашы А.Манаева өткізілді. «Кітап – әлемнің жаршысы» атты танымдық сағатты 9 «Ж» сынып оқушыларымен тарих пәнінің мұғалімі Д.Ускенбаева өткізді. «Кітап патшалығының сырлы әлемі» атты кітап оқуды 2 «А»сынып оқушыларымен бастауыш сынып мұғалімі Г.Мамырова өткізді. Өзбекәлі Жәнібеков «Ұлттық рухтың жанашыры»атты дөңгелек үстелді 10 «Ә» сынып оқушыларымен қазақ тілі пәнінің мұғалімі А.Бакирова өткізді. «Кітап және автор» жергілікті ақын жазушылармен кездесуді кітапханашы А.Манаева ұйымдастырып өткізді.Әбілхан Қастеевтың туылғанына 120 жыл толуына орай танымдық сабақты 10 «Г» сынып оқушыларымен еңбек пәнінің мұғалімі Г.Жұмақасева өткізді. 9 мамыр жеңіс күніне «Ұлы жеңіс жасасын»атты танымдық сабақты орыс тілі пәнінің мұғалімі С.Абилдаева өткізді. «Бокроссинк» каникулда кітап оқу тақырыбында оқушыларға өздерінің оқыған кітаптарын насихаттау 3«Б»сынып оқушылары және 9 «Ә» сынып оқушыларымен кітапханашы А Манаева кітапты талқылады. 2023-2024 оқу жылының аяқталуына байланысты 22-24 мамыр аралығында оқулықтарды кітапханаға қорға қайта жинау.

Мектеп директоры

Р.Жунисова